

## Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 қазан N 1226. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.

Кеден төлемдері мен салықтарының бюджетке дер кезінде және толық түсуін камтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі Қаулы Етеді:

#### 1. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып, қаражатты кеден органдарын ұстауға 1996 жылға республикалық бюджетте бекітілген қаржылар шегінде материалдық-техникалық базаны нығайту мен автоматтандыруға бағыттауды ескере отырып, 1996 жылға арналған шығындардың сметасын нақтыласын;

1996 жылдың 10 қазанына дейін кедендік күзет орындарының қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатында оларды нығайту ескеріле отырып бекітілген жалпы сандық шегінде кеден органдарының құрылымы мен санын қайта қарасын;

кеден төлемдерін төлеу бойынша мерзімін ұзарту мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен келіссін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі 1997-1998 жылдары қайтарымсыз негізде республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын басым объектілер тізбесіне, қоса беріліп отырған тізбе бойынша, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы шектес мемлекеттермен шекараларда бақылау-өткізу пункттерін салуды және техникалық жарақаттандыруды енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Кеден комитетімен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен бірге 1997 жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы шектес мемлекеттермен шекараларда бақылау-өткізу пункттерін салуды және техникалық жарақаттандырудың жобалары жөнінде тендер өткізсін.

#### 4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

нақтыланған сметаға сәйкес кеден органдарын қаржыландыруды толық көлемде камтамасыз етсін;

көзделген қаржылардан "Майқапшағай" өткізу пунктін қайта жаңартуға 7 (жеті) млн. теңге бөлсін;

1997 жылға арналған республикалық бюджетте кеден органдарын

автоматтандыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз етуге шығындар көз десін;

1997-1998 жылдарға арналған бюджеттердің жобаларында, беріліп отырған тізбе бойынша, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы шектес мемлекеттермен шекараларда бақылау-өткізу пункттерін салуды және техникалық жарақтандыру қаржыландыру үшін қажетті қаржы көздесін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет кеден органдарына кадрларды даярлау мен қайта даярлау үшін демеушілерден техникалық көмек алу мәселесін өз ірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

1996 жылдың 10 қазанына дейін Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен "Жол қоры туралы" "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы N 221 қаулысына сәйкес (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 9, 63-құжат) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кіру, шығу мен жолай өту үшін алынатын, үстіміздегі жылдың 8 айы ішінде нақты түскен қаржылар бойынша толық көлемде есептесу жүргізісін;

есеп беретін айдан кейінгі айдың 20-ы күніне дейін Қазақстан Республикасының кеден комитетімен аталған қаржылар бойынша толық көлемде есептесуді жүзеге асырсын.

7 . < \* >

*Ескерту. 7-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.31.*

*N 1749 қаулысымен .*

8. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 10 қаңтардағы N 39 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 2, 13-құжат) күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 4 қазандағы N 1226

Қаулысына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасының кеден шекараларында 1997-1998 жылдары салуға жататын бақылау-өткізу пункттерінің ТІЗБЕСІ**

*ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1997.06.20. N 1003*

қаулысымен.

| N<br>р/с                          | Өткізу пунктiнiң атауы<br>(жақша iшiндегi БӨП құрылымына<br>кiретiн кедендiк пост атауы<br>көрсетiлген) | Пайдалануға беру<br>мерзiмi (жыл) | Шектес<br>мемлекеттер |
|-----------------------------------|---|-----------------------------------|-----------------------|
| 1                                 | 2   | 3                                 | 4                     |
| <b>Атырау облысы</b>              |   |                                   |                       |
| 1.                                | Котьяевка   | 1998                              | Ресей                 |
|                                   |   | ( Г а н ю ш к и н о               | к / б )               |
| <b>Батыс Қазақстан облысы</b>     |   |                                   |                       |
| 2.                                | Погодаево   | 1998                              | Ресей                 |
|                                   |   | ( Ж е л а е в а                   | к / б )               |
| 3.                                | Каменка   | 1998                              | Ресей                 |
| 4.                                | Ақсай   | 1998                              | Ресей                 |
| <b>Ақтөбе облысы</b>              |   |                                   |                       |
| 5.                                | Жайсаң  | 1997                              | Ресей                 |
|                                   |   | ( М а р т ү к                     | к / б )               |
| 6.                                | Әлімбет   | 1998                              | Ресей                 |
|                                   | (батамшы к/б)   |                                   |                       |
| <b>Қостанай облысы</b>            |   |                                   |                       |
| 7.                                | Қайрақ  | 1997                              | Ресей                 |
| 8.                                | Обаған  | 1998                              | Ресей                 |
| 9.                                | Белоглинка  | 1998                              | Ресей                 |
| 10.                               | Кенерал   | 1998                              | Ресей                 |
| 11.                               | Қоңдыбай  | 1998                              | Ресей                 |
| 12.                               | Введенка  | 1998                              | Ресей                 |
| <b>Солтүстік Қазақстан облысы</b> |   |                                   |                       |
| 13.                               | Чистое  | 1997                              | Ресей                 |
| 14.                               | Қарақоға  | 1998                              | Ресей                 |
| 15.                               | Красный Яр  | 1998                              | Ресей                 |
| 16.                               | Казанка   | 1998                              | Ресей                 |
| 17.                               | Бидайық   | 1998                              | Ресей                 |
| 18.                               | Үлкен-Қарой   | 1998                              | Ресей                 |
| 19.                               | Кіші-Қарой  | 1998                              | Ресей                 |

|                           |                     |                 |
|---------------------------|---------------------|-----------------|
| Павлодар облысы           |                     |                 |
| 20. Шарбақты              |                     | 1997 Ресей      |
| 21. Прииртышск            |                     | 1998 Ресей      |
| 22. Трофимовка            |                     | 1998 Ресей      |
| 23. Лозовое               | 1998                | Ресей           |
| Шығыс Қазақстан облысы    |                     |                 |
| 24. Қызыл ауыл            |                     | 1998 Ресей      |
| 25. Жезкент               |                     | 1998 Ресей      |
| 26. Новониколаевка        |                     | 1998 Ресей      |
| 27. Шемонаиха             | 1998                | Ресей           |
| Алматы облысы             |                     |                 |
| 28. Кеген                 | 1998                | Қырғызстан      |
| Жамбыл облысы             |                     |                 |
| 29. Шу көпірі             |                     | 1997 Қырғызстан |
|                           | ( Қ о р д а й       | к - б )         |
| 30. Қарасу                |                     | 1998 Қырғызстан |
|                           | ( Қ о р д а й       | к - б )         |
|                           | 3 1 .               | < * >           |
| 32. Нововоскресеновка     |                     | 1997 Қырғызстан |
|                           | ( М е р к е         | к / б )         |
| 33. Гродиково             |                     | 1998 Қырғызстан |
|                           | ( Г р о д и к о в о | к / б )         |
| 34. Бесағаш               |                     | 1998 Қырғызстан |
| (Гродиково к/б)           |                     |                 |
| Оңтүстік Қазақстан облысы |                     |                 |
| 35. Жібек жолы            |                     | 1997 Өзбекстан  |
|                           | ( Ж і б е к         | Ж о л ы         |
|                           |                     | к / б )         |
| 36. Май                   |                     | 1998 Өзбекстан  |
|                           | ( Ж і б е к         | Ж о л ы         |
|                           |                     | к / б )         |
| 37. Ғани Мұратбаев        |                     | 1997 Өзбекстан  |
|                           | ( А б а й           | к / б )         |
| 38. Ақ мектеп             |                     | 1998 Өзбекстан  |
|                           | ( И л ь и ч         | к / б )         |
|                           | 3 9 .               | < * >           |
| 40. Арнасай               |                     | 1998 Өзбекстан  |
| (Шардара к/б)             |                     |                 |
| Қызылорда облысы          |                     |                 |
| 41. Мыңтай                | 1997                | Өзбекстан       |
| Маңғыстау облысы          |                     |                 |

|  |      |             |
|--|------|-------------|
| 42. Бейнеу                                       | 1998 | Өзбекстан   |
| 43. Фетисово<br>(Жаңа өзен к/б)<br>Ақмола облысы | 1998 | Түркменстан |
| 44. Қызылжар                                     |      | 1998        |
| 45. Ақжол  | 1998 |             |

ЕСКЕРТУ. Қосымшадан 31, 39-жолдар алынды, 44, 45-жолдармен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.06.20. N 1003 , 1998.09.16. N 897 қаулыларымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК